Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.1 – Б. 217-219

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ХИМИЯ ПӘНДЕРІНІҢ РОЛІ

Мұсағалиева Н.М.

Бүгінгі таңда халық ағарту саласы алдына жаңа биік талаптар қойып отыр. Болашақта еліміздің сан қилы мамандық иелері болып, өз үлестерін өндірістеріміздің сан саласында еңбек жасап халқына арнаймыз деп, жоғары оқу орындарына келіп оқитын ұрпаққа заман талабына сай терең жүйелі білім мен жан-жақты тәрбие беруді одан әрі түбегейлі жетілдіру кезек күттірмейтін мәселе. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңында мемлекеттік маңызы зор шаралар қатарында оқу-тәрбие ісі де терең талданып, жоғары мектепке байланысты көтерілген мәселерді шешуге ерекше қарап, мазмұнды жұмыспен айналысу керектігі айтылған.

Республикамызда білім беру жүйесінің міндеттерінің ойдағыдай шешілуі Заңда атап көрсеткендей, бүкіл тәрбие ісін жинақты, идеялық-саяси, еңбек және адамгершілік тәрбиесінің білім беру процесімен тығыз бірлікте жүргізілуіне тікелей байланысты.

Егер жоғары оқу орнына түскен студенттердің оқу-тәрбие барысының даму кезеңдеріне бір сәт көз жіберіп қарасақ, мектептен келген бетте ауылшаруашылығы мамандығын таңдап келген біраз жастарға химия пәнін өз мамандығына орай жалғастырып кету қиынға соғып жатады. Біраз жастармен пікірлескен жағдайларда олар мектепте химия пәнінің мұғалімінің болмағанымен немесе гуманитарлық бағытта білім алуына байланысты сағаттың аздық жасағанымен түсіндірген болып жатады. Қалай болғанда да жас мамандарды өздерінің таңдаған мамандықтарына сәйкес білікті, іскер етіп тәрбиелеу үшін олармен көптеген жұмыстар жүргізуге тура келеді.

Елімізге аса қажетті мамандар болып табылып отырған ветеринарлық санитария және медицина, азық-түлік тағамдары технологиясы, өңдеу өндірісі технологиясы, биотехнология, агрономия, топырақтану және агрохимия, өсімдікті қорғау және карантин, экология, балық шаруашылығы мамандықтарын бүгінгі күн талаптарына сай дайындау үшін химия пәні оқытылатын пәндердің ішінде базалық пәндердің бірі болып есептеледі.

Қазіргі білім беру жүйесі қоғамның даму мақсатына сай дүниеге жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылық ойлауға дүниетанымдық мәдениеті жетілдірілген, адамгершілігі мол және өзі таңдаған мамандығының білікті маманы болатын жаңа ұрпақты қалыптастыруға бағытталуы керек.

Жоғары мектептегі химиялық білім негізіне енетін өндірістік, халық және ауылшаруашылығына қатысты материалдарының мазмұнының үздіксіз

толықтыру арқылы болашақ мамандықтарына даярлығын жетілдіріп отыру қажет.

Ауылшаруашылығына қажетті мамандарды даярлаудың сапасы мен тиімділігін көтеру, тұтас алғанда, халыққа білім беру ісін қайта құруды, оның ішінде жоғары мектептің жұмыс түрін, тәсілін, мазмұнын, ауылшаруашылығы мамандарының қызметке қызығуын, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі тәрбиелеу мен білім алуға ынтасын қалыптастыру мақсатында жұмыс жасау қажет.

Осы мамандықтар үшін ауадай қажет химия пәні сағаттарының азайып кетуі мамандардың осы пәннен терең білім алуына кедергісін тигізуде. Осындай қиындықтарға қарамай жаңадан мамандыққа келген бірінші курс студенттерімен химия пәнінен білім деңгейін тексеретін тест тапсырмалары қабылданады. Осы көрсеткішке орай студенттердің өздік жұмыстарына байланысты қосымша тапсырмалар беріліп сол тапсырмалар бойынша жұмыс жасауына көңіл бөлінеді. Кейінгі кезде тапсырмалар жазба түрінде, есептер түрінде сол сияқты ОСӨЖ сабағында шағын оқу конференциясы,танымдық ойындар, олимпиада, конкурс, түрінде өткізіліп жүр. Мұндай жұмыстарды жүргізу әсіресе химия пәнінен қиналып жүрген студенттермен жүргізілуіне байланысты, олардың ізденіп дайындалып, пәнге деген қызығушылықтарының артуына көп ықпалын тигізеді. Оқытудың бүгінгі қолданылып жүрген әдістері мен формалары студенттерді өздігінен білім алуға үйретудің амал-тәсілдерін құрайды.Ұйымдастыра оқытудың әртүрлі әдістерін үздіксіз өз дәрежесінде қолдана білу жаңа материалды меңгеруге әсерін тигізумен қатар студенттердің біліктерін қалыптастыруға көмегі тиеді.

Мұндай СӨЖ жұмыстары белгілі бір мақсатқа сай жүйелі әрі нәтижелі жүргізілуі керек. Оқу-тәрбие барысында негізгі сабақпен студенттердің өзіндік жұмыстарының өзара байланыстылығын жетілдіре отырып оқыту, мұнымен бірге студенттердің білімге, жеке пәнге деген құштарлығын дамытуға, таңдаған мамандығын толық игеруге әзірлеп тәрбиелеуге мүмкіншілік туғызады. Оқытушының оқу материалын түсінікті етіп, әсерлі баяндауы, тәжірибелерді шеберлікпен, көрнекі ғылыми негізде өткізуі, сабаққа танымдық ойын қисындарын ендіріп отыруы студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, пәнді жан-жақты терең меңгеруге әсер етеді.Біз өзіміздің педагогикалық тәжірибемізде оқыту үдерісінде сабақ тақырыбына байланысты материалдарды сұрыптауда айнала қоршаған ортадағы құбылыстарды өз қалпында, әр құбылыстың жеке бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды қарастырылып отырған тақырыптың мамандыққа байланысын анықтай біліп, ал соңғы сатыда атқарылған

Бүгінгі студент - ертеңгі жас маман. Сондықтанда студенттердің алдымен мамандықты игеру іс - әрекетінің ерекшеліктеріне, оның қалыптасуына, оқу-тәрбие үрдісінің атқаратын роліне ерекше көңіл бөлу керек.

Студенттердің дербес шығармашылық қызметі кезектесе, сатылап өтетін мазмұнды еңбек екенін ұмытпаған абзал.

Ауылдарға қажет ауылшаруашылығы мамандарын даярлауда өз мамандықтарын игеруде кәсіби іс әрекеттің ғылыми негіздерін өмірде қолдануда химия пәнінен алған тереңде, байыпты білімдерінің бағасы өте зор екеніне көздерін жеткізу қажет.

Химиялық білім ауылшаруашылығы ғылымының негізін қалауды көздейді. Бұл пәнді сауаттылықпен оқып, үйренгендердің өкінбесі анық.

Біздің студенттеріміз химияны оқып үйрену мен қатар ғылыми зерттеу жұмыстарыменде айналысып, студенттердің ғылыми теориялық конференцияларында баяндамалар жасап отырады. Зерттеу жұмыстарын жасау барысында заттардың қасиеттерін, құрылысын, құрамын терең зерттейді. Химиялық-аналитикалық бақылау әдістерін қолдана отырып, зерттеу жұмыстарын аса бір қызығушылықпен орындайды. Болашақ мамандықтарына қажетті топырақтың құрамын анықтау, топырақтың құрамындағы қосылған әр түрлі минералды тыңайтқыштар мен пестицид, фунгицид, гербицид және тағыда басқа химиялық қоспа заттардың сақталу мөлшерін анықтап сараптауға жаттығады.

Бір сөзбен айтқанда болашақ ауылшаруашылығының жас мамандарына химия ғылымының маңызын терең түсінуіне зор ықпал жасалады.